

Қазақстан Республикасының титан-магний өнеркәсібін одан әрі дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 сәуір N 517

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының тұрақты жұмыс істеуінің және кен базасының перспективалық дамуын қамтамасыз ету, титан-магний өнеркәсібіне инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы мен "Специалти Металс Компани" басқарушысы ұсынған, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі мен Экономика министрлігі қолдаған 1996-2001 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының титан-магний өнеркәсібін дамыту бағдарламасы /бұдан әрі - Бағдарлама/ бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамымен бірлесіп банктік сараптама жүргізу және Бағдарламада негізделген қаржылық шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетіне қажетті материалдарды берсін.

Қазақстан Республикасының Экспорт-импорт банкі мен "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы өздерінің және шетелдік кредит ресурстарын тарта отырып, титан-магний комбинатының 4-ші іске қосу кешенінің бірінші кезегін қаржыландыру сызбасы бойынша ұсыныс әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Экономика министрлігі 1996-1997 жылдары "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының 29 процентін жеке жоба бойынша айқындалған инвесторға сатуды жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі перспективалық аудандардан титан және магний шикізаттарының жаңа кен орындарын ашу жөнінде геологиялық іздестіру жұмыстарын көздесін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі титан-магний саласының минералды-шикізат базасын кеңейтуге бағытталған, кейін бюджет шеккен шығындарды жер қойнауын пайдаланушылар есебінен өтейтіндей геологиялық іздестіру жұмыстарын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 сәуірдегі
N 517 қаулысымен
бекітілген

1996-2001 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының
титан-магний өнеркәсібін дамыту
бағдарламасы

Шаралардың атауы	Жұмыс кезеңі	Орындаушы
1	2	3

Қазақстандық титан және магний кен орындарының негізінде Өскемен титан-магний комбинатының шикізат базасын жасау

1. Құрамында титан бар шикізаттар бойынша зат базасын дамыту	1. Көкшетау облысындағы Обухов титан-цирконий кен орнын игеру, соның ішінде: кен орнының бекітілген қорларын геологиялық-экономикалық қайта бағалау Қуаты жылына 250 мың текше метр кен құмы кеніші объектілерін салу	"Солтүстікқаз. кен" ЖШС "Өскемен ТМК" АҚ, "Солтүс. тікқазкен" ЖШС
--	---	--

2. Ақтөбе облысындағы Шоқаш "Шоқаш" БШК
титанды-циркониілі құмдары
кен орнын игеру, соның
ішінде

барлауды аяқтау, қорларды
бекіту

Кен құмдарын ұқсату бойынша "Өскемен ТМК"
қуаты жылына 250 мың текше АҚ, "Шоқаш" БШК
метр мөлшеріндегі кеніштің
құрылысын салу

3. Шығыс Қазақстан облысы "Өскемен ТМК"
Қараөткел кен орнын өнер. АҚ, "Титансирек.
кәсіптік игерудің құрылыс. меткерамика"
тарын аяқтау және ТЭН ҒӨААБ
құрумен тәжірибе-өнеркәсіп.
тік жұмыстарды жүргізу

4. Қорларын бекітумен "Ертіс" АҚ
Бектемір орнын барлау

5. Солтүстік, батыс және Геологиямині
шығыс Қазақстанда титанды
шикізаттардың жаңа кен орнын
ашу мақсатында іздестіру
жұмыстарын жүргізу, тереңде
жатқан құм кендерін су
қысымымен өндірудің ұңғылау
технологиясын әзірлеу

6. Ильменитті концентрант. "Өскемен ТМК"
тарды балқыту цехының құры. АҚ
лысын аяқтау

№ 4 іске қосу кешенінің 1996
бірінші кезегі /80 мың тонна

ильменитті концентрантты
ұқсату/

№ 4 іске қосу кешені екінші 1998
пеш /80 мың тонна ильменитті
концентрант/

бірінші пешті үздіксіз жұмыс 2000
істеу режиміне көшіру /иль.
менитті концентрантты жобалап
қуатқа дейін ұқсату/

екінші пеш /80 мың тонна иль.
менитті концентрантты ұқсату/

2. Құрамында магний бар 1. Қорларын бекітумен Индер Геологиямині
шикізаттар бойынша карналит кен орнын барлау
шикізат базасын дамыту

2. Масьянов магнезит кен ор. "Ертіс" АҚ
нын пысықтауды ұйымдастыру,
1-ші кезегі

3. Солтүстік Қазақстанның Геологиямині
Теке, Жанаулы, Қызылқак
көлдері минералды тұздар
кен орны бойынша магний шикі.
заттарының минералды-шикізат.
тық базасына геологиялық-
экономикалық баға беру

4. Магнийлі шикізаттарды Геологиямині
іздестіру, іздестіру-баға
беру жұмыстарын жүргізу

5. Құрғатылған карналит алу "Өскемен ТМК"
жөніндегі құрылғының құры. АҚ
лысын салу, 1-ші кезегі

3. Өндірістің техникалық 1. Титанның пигментті қос "Өскемен ТМК"

денгейін көтеру қышқылы мен лак-бояу өнім. АҚ
дерінің ірі тоннажды өнді.
рісін құру

2. Магний өнімдерін ұқсату "Өскемен ТМК"
және өндіру номенклатурасын АҚ
кеңейту

Қалдықсыз өндірісті 1. Қатты және сұйық қалдық. "Өскемен ТМК"
ұйымдастыру және аймақ. тарды ұқсату жөніндегі өнді. АҚ
тағы экологиялық жағ. рісті құру
дайды сауықтыру

2. Аудан халқын ауыз сумен "Өскемен ТМК"
қамтамасыз ету АҚ

Орындалу мерзімі, жылы	Қаржыландыру көлемі, мың АҚШ доллары	Қаржыландыру көздері	Түпкі нәтижесі
4	5	6	7

1996-2000 200 "Солтүстікқазкен" Жаңа кондиция. ЖШС қаржысы инвес. да қорларды тициялар қайта бекіту

1996-2000 15000 Қазақстан Эксимбан. Концентранттар кі, инвестициялар шығару /мың тонна/.
ильменитті-33,1
рутильді-17,7
цирконийлі-26,5

1996 500 "Шоқаш" БШК қаржысы Қорларды бекіту

1996-2000 15000 Қазақстан Эксимбан. Концентранттар кі, инвестициялар шығару /мың тонна/.

ильменитті-26,7
рутильді-7,6
цирконийлі-4,0

1996-1998	3000	Бұл да сол Гидравликалық тәсілмен селективті концентраттарды өндірудің технологиясын пысықтау, пигмент алу жөнінде тәжірибе жүргізу
1997-1998	500	"Ертіс" АҚ қаржысы, Кен орнын өнер. инвестициялар кәсіптік игеруге дайындау
1996-2000	10000	Республикалық бюд. Өнеркәсіптік жет қаржысы есебі. игеруге жаңа кеннен орындарын табу және дайындау Комбинаттың титан қождарына мұқтаж. дығын қамтамасыз ету
	8100	1-ші пеш - 40 мың тонна қож Қазақстан Эксимбан. 2-ші пеш - 40 мың кі, инвестициялар тонна қож
	7000	Бұл да сол
	2670	50 мың тонна қож
1996-1997	260	"Өскемен ТМК" АҚ Карналит қорларын қаржысы есебінен бекіту

1996	640	"Ертіс" АҚ, инвестициялар шығару	Жылына 7,5 мың тонна магнезит
1997	20	Республикалық бюд. жет қаржысы есебі. нен ділерін игерудің техника-экономи. калық есебі	магний тұздарын алумен көл шөгін.
1996-2000	1000	Республикалық бюд. жет қаржысы есебі. нен кен орындарын табу, оларға өнеркәсіптік баға беру	Магнийлі шикі.
1996	1200	Қазақстан Эксимбан. кі, инвестициялар тармен қамта. масыз ету	өндірісті маг. нийлі шикізат.
1998	40200	Бұл да сол титан пигментін шығаруды ұйым. дастыру, Қазақстанның лак-бояу өнім. деріне мұқтаж. дығын қамтамасыз ету	20 мың тонна
1998	30000	Қазақстан Эксимбан. кі, инвестициялар арттыру	Магний өндірісі. нің тиімділігін
1998	3400	Бұл да сол тотықты пигмент	Карналиттен темір

ілеспе өнімін
алумен қалдықсыз
өндіріске көшу

1998	2000	Бұл да сол	Жылына 4,5 млн.
		текше метр ауыз	
		су беру	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК